Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 45 (947) 12 қараша 2026 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://www.instagram.com/magzhan.zhuldizi/ e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚ ЕЛІ БАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІ ТҰҒЫРДАН ТҮСПЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Х құрылтайына қатысып, сөз сөйледі.



Президент қазіргі кезде тіл мәселесі әлемде өзекті әрі нәзік тақырыпқа айналғанын атап өтті.

«Баршаңызбен бірге Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Х құрылтайында бас қосып отырғанымызға ризамын. Бүгінгі жиынның мән-мағынасы ерекше. Себебі Ана тілі мәселесі, бұл – мемлекеттік, саяси және ұлттық маңызы бар тақырып. Қазіргі таңда дүние жүзінде тіл өзекті, нәзік мәселеге айналып кетті. Бұл үрдіске бәріміз куә болып отырмыз. Ең алдымен, осы жерде сөз сөйлеп, мазмұнды ойларын ортаға салған азаматтарға алғысымды білдіремін. Салмақты пікірлер, ұтымды ұсыныстар айтылды. Соның бәрін мұқият қарап, алдағы жұмысымызда міндетті түрде ескеру қажет», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Х құрылтайында ұйым мемлекеттік тілдің мызғымас тұғырын нығайтып жүрген аса маңызды құрылым екенін атап өтті.

«Сонау 1989 жылы іргесі қаланған ұйымның Егемен ел тарихындағы орны бөлек. Кезінде көрнекті ғалымдар – академиктер Әбдуәли Қайдар және Өмірзақ Айтбайұлының бастамасымен құрылған «Қазақ тілі» қоғамының тарихи жолын қазіргі буын өкілдері мен белгілі тіл мамандары лайықты жалғастырып келе жатыр. Бүгінде Ұйым мүшелері көптеген тиімді іс-шараларды, жасампаз жобаларды табысты жүзеге асыруда», деді Президент.

Мемлекет басшысы жиында «Қазақ тілі» қоғамының әр мүшесіне шынайы ризашылығын білдірді.

«Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Тіл мерейі – ел мерейі» деген қысқа-нұсқа, мағынасы терең сөзі бар. Тіл – баршамызға ортақ құндылық. Тіл – Алланың құдіретінің арқасында адамдарға берілген үлкен сый әрі мүмкіндік. Тіл – адамзаттың негізгі жетістігі. Адам баласының ойдағыдай дамуының ең басты себебі де – тіл. Біз өркениетті ел ретінде ана тіліміз – қазақ тілінің абырой-беделін арттыру үшін бір ел болып табанды жұмыс істеуіміз керек. Бүгінгі жиынның басты мақсат-міндеті де – осы», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекеттің беделі артқан сайын, мемлекеттік тілдің де абыройы күшейеді, - деді Президент.

«Қазақ тілі Тәуелсіздігіміздің мызғымас символы, Отанымыздың мемлекеттік тілі, ұлтымыздың мәңгілік жаны ретінде қабылдануы қажет. Басқа көзқарастың болуы мүмкін емес. Сондықтан қазақ тіліне сыйластықпен қарау бұл – азаматтық, адами борыш. Ал парыз қаншама қастерлі болса да, оның мықты негізі болуы керек. Біз экономикасы дамыған, инновациясы мен технологиясы үздік, әлем жұртшылығы мойындаған, өркениетті, мықты мемлекет болсақ, қазақ тілі де қуатты тіл болатыны анық. Мемлекеттің беделі артқан сайын, мемлекеттік тілдің де абыройы күшейеді. Бұл – ақиқат. Бүгінде балабақша мен мектептерде балалардың басым бөлігі қазақ тілінде тәлім-тәрбие алып жатыр. Биыл мектепке барған оқушылардың 71 пайызы қазақ сыныптарына қабылданды. Колледждер мен университеттерде қазақ бөлімдерінің саны көбейді», деді Президент.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілінің цифрлық технологиялар саласында да дамып келе жатқанын айтты. Президенттің айтуынша, соңғы жылдары қазақ тілінің жасанды интеллект жүйелеріндегі қолданыс аясы кеңейген.

«Өткен замандарда саяси қысым болған кезде ана тіліміз әдебиетшілер мен тіл мамандарының, журналистеріміздің, зиялы қауым мен қарапайым азаматтардың арқасында аман қалды да, өзінің дамуын тоқтатқан жоқ. Бұл – тіпті, қазақ тілінің өміршеңдігі бірегей деген сөз. Ал қазіргі таңда тіліміздің келешегіне ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ деп анық айтуға болады. Бүгінде қазақ тілі озық технологиялар саласына кең ауқымда еніп, заман талабына сай дамып келе жатыр. Елімізде сан алуан цифрлық платформалар табысты жұмыс істеп тұр. Оның бәрі қазақ тілінде қызмет көрсететін болды. Ана тіліміздің әлеуетін әлемнің озық технологиялық компаниялары да мойындай бастады. Мәселен, Open AI компаниясы жүргізген зерттеуге сәйкес қазақ тілі соңғы үш жылда жасанды интеллект жүйесіндегі қолданыс аясы қарқынды кеңейіп жатқан тілдердің қатарына кірген. Ал Yandex компаниясы өзінің бір белгілі өнімін былтырдан бері қазақ тілінде қолданатын адамдардың саны 30 пайызға артқанын мәлімдеп отыр. Сондай-ақ өткен жылы Google компаниясы қазақ тілін Gemini тілдік моделіне енгізді. Мұның бәрі – қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту үшін жүргізілген жүйелі жұмыстың бір нәтижесі. «Алтын шыққан жерді белден қаз» деген. Сондықтан біз осы бағытта басталған өте қажетті әрі маңызды жұмысты тоқтатпай, жалғастыра беруіміз керек», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазақ тіліндегі кітаптарды, мерзімді басылымдарды, аудио-бейне жазбалар мен архив қорларын цифрлық форматқа көшіру қажет екенін айтты. Президенттің айтуынша, қазақ тілінің ұлттық цифрлық деректер қорын жасақтау – алдағы маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

«Ең біріншіден, алдымызда қазақ тілінің ұлттық цифрлық деректер қорын жасақтау міндеті тұр. Жалпы, біз қазақ тілінің сөздік қоры өте бай деп жиі айтамыз. Мұның шындық екені де күмәнсіз. Әдеби-мәдени мұрамыз да ұшан-теңіз. Алайда сол дүниенің көбі кезінде цифрлық жүйелерге толық әрі сапалы көшірілді деп айту қиын. Сол себепті мұрағатта немесе кітапханаларда ғана сақталған қазақ тіліндегі кітаптарды, мерзімді басылымдарды, аудио-бейне жазбаларды, мұрағат (архив) және мұражай (музей) қорларын цифрлық форматқа көшіру ісін қайта жандандыру қажет. Халқымыздың өшпес мұрасы мен рухани байлығы қағаз бетінде емес, цифрлық кеңістікте сақталуға тиіс. Келешек ұрпақ осы игі істің жақсылығын көреді. Бұған қоса, инженерия, медицина, құқық, экономика, жаратылыстану сияқты түрлі ғылымды және ақпараттық технологияларды қазақ тілінде үйренуге барынша қолайлы жағдай жасалуы керек. Бұл тұста, ең алдымен, сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын даярлауға баса мән берген жөн. Өкінішке қарай, бұл мәселе бойынша көп қателік жасалды, олқылықтар да аз емес».

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілі» қоғамының құрылтайында қазақ тілі орфографиясын ретке келтіру жұмысын келесі жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырды.

«Әрине, бұл – қазақ ғылымының, яғни ғалымдардың әлеуеті мықты болуы қажет деген сөз. Ғылым дамыса, қазақ тілі де ғылым мен өндірістің тілі болмақ. Тарихи деректер мен мысалдар жеткілікті, мәселен – парсы, француз тілдерінің тарихы, ал қазіргі дәуірде ағылшын тілі бірінші қатарға шықты. Бұл тұста жоғары оқу орындарының рөлі аса маңызды. Университеттер қазақ тіліндегі ғылыми-зерттеу еңбектеріне айрықша назар аударуы қажет. Осы жерде тағы бір өзекті мәселеге тоқталып өткен жөн деп санаймын. Бұл – тілдегі бірізділік мәселесі. Өкінішке қарай, қазір қазақ тіліндегі кейбір сөздер, ұғымдар, тіпті, түсініктер әртүрлі қолданылып жүр. Бұл – жылы жауып қоя салатын жеңіл-желпі дүние емес. Себебі мұндай жағдай жұртты шатастырып, тіл тазалығына кері әсерін тигізеді. Сондықтан қазақ тілін қолдану ісінде нақты жүйенің, белгілі бір тәртіптің болуына баса мән берген жөн. Жалпы, осы мәселеге кең ауқымда қарағаң дұрыс. Ең алдымен, емле мен ережені түгендеп, жүйелеу керек. Бұған қоса, барлық сөздікті, соның ішінде орфографиялық сөздікті жаңартатын уақыт келді. Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен ресми түрде бекітілген Қазақ тілінің орфография сөздігі Кеңес заманында, яғни 1983 жылы шыққан. Әрине, одан кейін де бірнеше сөздік жарық көрді. Алайда олардың ешқайсысы мемлекеттік деңгейде бекітілмеген, заңды күші жоқ. Кейбір көрші мемлекеттерде мұндай ғылыми еңбектер бес жыл сайын жаңартылып отырады. Сондықтан біз де қазақ тілі орфографиясының ғылыми негізін зерделеп, жедел түрде ретке келтіруіміз керек. Осы жұмысты келесі жылдың соңына дейін аяқтау қажет», деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік тілді меңгеруге ниетті азаматтарға барынша қолдау көрсету қажет екенін айтты.

«Қазақ тілі ұлт бірлігінің мызғымас тұғыры саналады. Осы орайда, мен мемлекеттік тілді жетік меңгерген өзге ұлттардың өкілдерін айрықша атап өткім келеді. Олардың арасында қазақ тілін үйретумен айналысатын білікті мамандар бар. Әлеуметтік желі арқылы тіліміздің дәріптеп жүрген азаматтар да аз емес. Мұндай адамдар тіліміздің дамуына үн қосып, оның жарқын келешегін нақты іспен жасап жатыр. Солардың еңбегін біз сыйластықпен, ризашылықпен қабылдауымыз керек. Жалпы, соңғы жылдары мемлекеттік тілді меңгергісі келетін адамдардың қатары көбейіп жатыр. Оларға барынша жағдай жасау – біздің азаматтық парызымыз. Қазақ тілін тез әрі оңай үйренуге мүмкіндік беретін озық әдістемелер, соның ішінде цифрлық оқу құралдарын әзірлеу қажет. Жалпы, бұл мәселе қоғамда жиі айтылып жүр. Осы жұмысқа тіл мамандарын, ақпараттық технология саласының өкілдерін жұмылдырған жөн. Қазақ тілін білетін адам қазақ халқын, жалпы Қазақстанды танып-біледі. Тілді меңгерген әрбір азамат еліміздің тарихы мен мәдениетін тереңірек түсінеді», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

2026 жылғы 8 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 113-10-бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Қарақоға ауылдық округі әкімін сайлау қорытындыларын белгіледі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізімінде 1385 азамат енгізілді, оның 1124-і дауыс берді, жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 2, «Барлығына қарсымын» деген белгісімен – 7. Дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген жоқ. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс бергендер – 13.

Әр кандидат үшін берілген, дауыстар саны:

1. Әбділдина Л.С. – 71;
2. Мұқашев Ж.Х. – 971;
3. Соколова А.Ю. – 73.

Қарақоға ауылдық округінің әкімі болып – Мұқашев Жанболат Хазиезұлы сайланды, 1972 жылы туған, әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-сі, Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылында тұрады, «Әділет» партиясы ұсынған.

Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

№ 1 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат

ГАЛАЙДИНА МАРИЯ МИХАЙЛОВНА



ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Галайдина Мария Михайловна, 1993 жылғы 28 сәуірде Мағжан Жұмабаев ауданында дүниеге келдім. 2020 жылдан бастап ауданның жастар ресурстық орталығында жұмыс істеймін.

Ауданның белсенді азаматымын және аудандық қоғамдық кеңестің құрамына кіремін.

Тұрмыстамын, бір қыз тәрбиелеп отырмын.

Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласында отбасыммен бірге тұрамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Менің қызметім халықпен жұмыс істеуге, жастар мен әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған. Аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде тұрғындардың мүддесін білдіруді және ауданның өзекті мәселелерін шешуге көмектесуді мақсат етемін.

Сайлауалды бағдарламамның негізгі бағыттары:

• Мәдениет және жастар — ауданның мәдени өмірін дамыту, шығармашылық іс-шаралар, байқаулар мен фестивальдер өткізу, жастар бастамалары мен волонтерлік қозғалысты қолдау.

• Жастар арасында нашақорлықтың алдын алу — профилактикалық кездесулер мен акциялар өткізу, салауатты өмір салтын және спортты насихаттау, есірткі қолдануға теріс көзқарас қалыптастыру.

• Спорт пен салауатты өмір салты - басты басымдық. Балалар мен жастарға арналған спорт секцияларын, үйірмелер мен бастамаларды қолдау, тұрғындар арасында спорттық іс-шаралар өткізу.

• Қауіпсіздік және абаттандыру — көшелерді жарықтандыруды қалпына келтіруге және орнатуға, жолдарды жөндеуге, көшелер мен қоғамдық аумақтарды көркейтуге ықпал ету.

• Білім беру — білім беру мекемелерін қолдау, балалардың дамуына жағдай жасау, үйірмелерге, секциялар мен қосымша білімге қолжетімділікті арттыру.

• Денсаулық сақтау — медициналық қызмет сапасын жақсартуға және аудан тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімді болуына ықпал ету.

• Әлеуметтік қолдау — зейнеткерлердің, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың, мүгедектігі бар адамдардың және қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтардың қажеттіліктеріне назар аудару.

• Тұрғындармен кері байланыс — тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізу, өтініштерді қарау, мәселелерді шешуге көмектесу және депутаттық өкілеттік шегінде орындалуын бақылау.

Құрметті сайлаушылар!

Мен диалогқа ашықпын және әр азаматтың мұң-мұқтажын тыңдауға дайынмын.

Егер мен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған жағдайда аудан тұрғындарының мүддесін лайықты қорғауға, олардың өзекті мәселелерін көтеруге және оң шешілуіне ықпал ету үшін бар күш-жігерімді саламын.

Менің міндетім — өз ауданымның игілігі үшін қызмет етіп, тұрғындарға пайдалы болу!

Баршаңызды сайлау күні отбасыларыңызбен бірге сайлау учаскелеріне келіп, азаматтық ұстанымдарыңызды білдіруге шақырамын!

Біз туған ауданымызды бірге жақсартамыз!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

№ 1 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат

ТРЕТЬЯКОВА АЛЁНА ВАЛЕРЬЕВНА



ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Третьякова Алёна Валерьевна, еңбек жолымның 20 жылдан астам уақытын білім беру саласына арнадым. Бастауыш сынып мұғалімінен мектеп басшысына дейінгі еңбек жолынан өттім. Бүгінде Александровка негізгі мектебін басқара отырып, сапалы білім беру, балаларды тәрбиелеу және ауылдық аумақты дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау бағытында күнделікті жұмыс істеп келемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық мәслихаты депутаттығына өз кандидатурамды ұсына отырып, тұрғындардың мүдделерін білдіруді, өзекті мәселелерді шешуге қатысуды және ауданымыздың одан әрі дамуына үлес қосуды мақсат етемін.

Сайлауалды бағдарламам келесі бағыттарды қамтиды:

• Сапалы білім беру — мектептерді қолдау, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту, балалардың білім алуы мен тәрбиеленуі үшін қолайлы әрі қауіпсіз жағдайлар жасау.

• Балалар мен жастарды қолдау - қосымша білім беру мүмкіндіктерін, спортты, шығармашылық бастамаларды және бос уақытты тиімді ұйымдастыруды дамыту.

• Педагогтерді қолдау - еңбек жағдайларын жақсартуға ықпал ету, мұғалімдердің кәсіби мүдделерін қорғау және жас мамандарды қолдау.

• Ауылдық инфрақұрылымды дамыту - жолдарды жөндеуге, көшелерді жарықтандыруға, елді мекендерді абаттандыруға және сумен жабдықтау мәселелерін шешуге ықпал ету.

• Қолжетімді денсаулық сақтау — ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттыруға жәрдемдесу.

• Әлеуметтік қолдау - көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың, зейнеткерлердің және мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктеріне назар аудару.

• Халықты жұмыспен қамту - жаңа жұмыс орындарын ашуға, кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған бастамаларды қолдау.

• Мәдениет және қоғамдық өмір - мәдени іс-шараларды дамытуға, салт-дәстүрлерді сақтауға және қоғамдық келісімді нығайтуға ықпал ету.

• Ашықтық және кері байланыс - тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізу, өтініштерін қарау және олардың мәселелерін шешуге жәрдемдесу.

Құрметті сайлаушылар!

Білім беру саласында еңбек ете отырып, жауапкершілікке, жүйелі жұмыс істеуге және адамдарды тыңдай білуге дағдыландым. Бұл қасиеттер депутаттық қызметте де маңызды деп санаймын.

Депутат болып сайланған жағдайда, тұрғындардың мүдделерін қорғау, өзекті мәселелерді шешу және ауданымыздағы өмір сүру сапасын арттыру үшін бар білімім мен тәжірибемді жұмсаймын.

Бірлесе отырып, біз ауданымызды одан әрі көркейте аламыз!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

№ 1 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат

ТҰРСЫНБАЕВА ӘЛИЯ МҰРАТБЕККЫЗЫ



ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Тұрсынбаева Әлия Мұратбекқызы, 1997 жылғы 30 қаңтарда Булаев қаласында дүниеге келдім. Медициналық білімім бар. 2016 жылдан бастап Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасында еңбек етіп келемін. Еңбек жолымды медициналық статистик болып бастап, жалпы практикадағы мейіргер қызметіне дейінгі кәсіби жолдан өттім. Қазіргі уақытта «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша оқуымды жалғастырудамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мағжан Жұмабаев ауданының № 1 бірмандаттық сайлау округі бойынша аудандық мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсына отырып, тұрғындардың мүдделерін білдіруді, әлеуметтік мәселелерді шешуге және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етуді мақсат етемін.

Сайлауалды бағдарламамның басты міндеттері:

• Қолжетімді денсаулық сақтау - медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға, медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және медициналық ұйымдардың жұмыс жағдайларын жақсартуға ықпал ету.

• Медицина қызметкерлерін қолдау - медициналық кадрлармен қамтамасыз ету, жас мамандарды ауданға тарту және олардың тұрақтауына жағдай жасау мәселелеріне назар аудару.

• Халық денсаулығы - аурулардың алдын алу жұмыстарын дамытуға, медициналық сауаттылықты арттыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал ету.

• Жастарды қолдау - кәсіби дамуға, жұмыспен қамтылуға және ауданның қоғамдық өміріне белсенді қатысуға мүмкіндік жасау.

• Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту - жолдарды жөндеуге, көшелерді жарықтандыруға, елді мекендерді абаттандыруға және сумен жабдықтау мәселелерін шешуге ықпал ету.

• Отбасыларды қолдау - көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың, зейнеткерлердің және мүгедектігі бар адамдардың мәселелеріне назар аудару.

• Білім беру және тәрбие - балалар мен жастарды дамытуға, спортпен және шығармашылықпен айналысуға жағдай жасауға бағытталған бастамаларды қолдау.

• Жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту - жаңа жұмыс орындарын ашуға және тұрғындардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға ықпал ету.

• Ашықтық және кері байланыс - тұрғындармен тұрақты байланыс орнату, өтініштерін қарау және олардың ұсыныстарын мәслихат деңгейінде көтеру.

әdilet

Құрметті сайлаушылар!

Денсаулық сақтау саласында еңбек ете отырып, адамдардың күнделікті мәселелерімен бетпе-бет келемін. Уақытылы көмек көрсетудің, әр адамға мұқият қараудың және нәтижеге жауапкершілікпен қараудың қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін.

Аудандық мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда, өз сайлау округім тұрғындарының мүдделерін адал қорғауға, өзекті мәселелерді көтеруге және депутаттық өкілеттігім шеңберінде олардың шешілуіне ықпал етуге міндеттенемін.

Сіздердің сенімдеріңіз — менің жауапкершілігім!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

№ 2 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат

БАРАНОВ ЮРИЙ ОЛЕГОВИЧ



ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Баранов Юрий Олегович, 1984 жылы 20 қазанда Қарағанды облысы Абай ауданы Топар ауылында дүниеге келдім. Жоғары білімім бар. 2007 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін «Еңбек қауіпсіздігі және тыныс-тіршілігі жөніндегі инженер» мамандығы бойынша бітірдім.

2008-2010 жылдары Мағжан Жұмабаев ауданының кәсіпкерлік және құрылыс саласында жұмыс істедім, бейінді бөлімдердің бас маманы лауазымдарын атқардым. Сондай-ақ, аудандық Мәдениет үйін басқардым. 2011 жылдың сәуір айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Булаев Астық» ЖШС директоры болып қызмет етемін.

Отбасыммен бірге Булаев қаласында тұрамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

әdilet

Менің мақсатым - нақты нәтижелерге қол жеткізу, тұрғындардың мүдделерін қорғау және ауданда өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ету.

• Булаев қаласы көшелерінің проблемалық учаскелерін жөндеуге қол жеткізу.

• Булаев қаласын үздіксіз сумен жабдықтауға, электрмен жабдықтауға және көше жарығын кеңейтуге ерекше назар аудару.

• Мемлекеттік бағдарламалар бойынша жеңілдікті кредиттеуді кеңейтуге, жеке қосалқы шаруашылықтарды, отбасылық кәсіпкерлікті дамытуға, халық үшін жаңа өндірістер мен қызмет көрсету салаларын ашуға жәрдемдесу. Мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігін арттыруға қол жеткізу.

• Жеке қосалқы шаруашылықты дамыту, оның ішінде қолжетімді азықпен қамтамасыз ету, ветеринариялық инфрақұрылымды дамыту және басқа да қызметтердің қолжетімділігі мәселелерінде азаматтардың мүдделерін қорғау. Жергілікті өндірістік кәсіпорындар мен жеке қосалқы шаруашылықтардың өнімдерін сату үшін жабдықталған алаң құруға қол жеткізу.

• Шағын бизнесті дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және инвестициялар тарту арқылы тұрақты жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу. Жас кәсіпкерлерді жұмыспен қамтудың, кәсіптік оқытудың және қолдаудың мемлекеттік шараларын іске асыруға жәрдемдесу.

• Уәкілетті органдар мен операторлардың алдында ұялы байланыс пен интернетті жақсарту мәселелерін көтеру. Цифрлық технологияларды кеңінен қолдануды және электрондық мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруды қолдау.

• Булаев қаласының мектептерін материалдық-техникалық жабдықтауды жаңартуды қаржыландыру мәселелерін қарауға қол жеткізу, сондай-ақ балалар мен спорт алаңдарын дамытуға жәрдемдесу.

• Қарт адамдарға, балалары бар отбасыларға және мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қорғау. Әлеуметтік осал азаматтардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға және аудан мекемелерінде қолжетімді ортаны қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

• «Таза Қазақстан» бастамасы аясында аумақты абаттандыруға, қалдықтарды жинау және шығару жүйесін жақсартуға, көгалдандыруға және жайлы қоғамдық кеңістіктер құруға қол жеткізу.

Сіздердің пікірлеріңіз мен үшін маңызды!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

№ 2 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат

ПОЛЯКОВА ЛЮБОВЬ ЮРЬЕВНА



ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Менің көпжылдық кәсіби қызметім білім беру саласымен, өскелең ұрпақты тәрбиелеумен және аудан тұрғындарын толғандыратын мәселелерді шешумен тығыз байланысты.

Педагог, директордың орынбасары және мектеп директорының міндетін атқарушы ретінде еңбек ете отырып, ауыл тұрғындарының, ата-аналардың, педагогтердің, балалар мен жастардың мәселелерін жақсы түсінемін.

Депутаттың басты міндеті – тек халықтың мүддесін білдіру ғана емес, нақты нәтижелерге қол жеткізу, азаматтардың өтініштеріне уақтылы ден қою және өз сайлау округінің мүдделерін жүйелі түрде қорғау деп санаймын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Аудандық мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда, өз жұмысымды төмендегі негізгі бағыттарға жұмсауды көздеймін:

1. Білім беруді дамыту және балалар мен жастарды қолдау

• Мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарда заманауи әрі қауіпсіз білім беру жағдайларын жасауға ықпал ету.

• Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға бағытталған бастамаларды қолдау.

• Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларды қолдауға ерекше назар аудару.

• Сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру, оқушыларды қауіпсіз тасымалдау және білім беру ұйымдарындағы балалардың болу жағдайларын жақсарту мәселелеріне ықпал ету.

2. Отбасыларды қолдау және халықты әлеуметтік қорғау

• Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың, зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдардың мүдделерін қорғау.

• Мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмектің уақтылы көрсетілуіне ықпал ету.

• Азаматтардың өтініштерін қарастырып, туындаған әлеуметтік мәселелерді шешуге жәрдемдесу.

3. Инфрақұрылымды дамыту және елді мекендерді абаттандыру

• Көшелерді жарықтандыру, коммуналдық инфрақұрылымды уақтылы жөндеу мәселелерін шешуге ықпал ету.

• Сумен жабдықтау мәселелерін шешуге және ауыз судың тиісті сапасын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

• Аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру, қоғамдық орындар мен балалар алаңдарын күтіп ұстау жұмыстарын қолдау.

4. Мәдениетті, спортты және қоғамдық өмірді дамыту

• Мәдени, спорттық және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі бастамаларды қолдау.

• Ауылдық мәдениет үйлерін, кітапханалар мен спорт нысандарын дамытуға ықпал ету.

• Балалардың, жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасауға жәрдемдесу.

Құрметті сайлаушылар!

Мен округіміздің дамуы әрбір елді мекен мен әрбір отбасының күнделікті мәселелерін шешуден басталатынына сенімдімін. Тұрғындармен тұрақты диалог орнатып, ашық әрі жауапкершілікпен жұмыс істеуге дайынмын.

Әрбір тұрғынның үні естілуі және өзекті мәселелердің назардан тыс қалмай, жүйелі түрде шешілуі үшін бар күш-жігерімді саламын.

Бірге округіміздің өмір сүруге қолайлы, көркейген және жайлы мекенге айналдыра аламыз!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

№ 2 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат

ЯЦКЕВИЧ МИХАИЛ АНАТОЛЬЕВИЧ



ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Менің еңбек жолым - білім беру, ақпараттық технологияларды дамыту, дене шынықтыру және спорт салаларымен байланысты.

Ұстаз, жаттықтырушы-оқытушы және спорт жөніндегі әдіскер ретінде еңбек ете отырып, балалар мен жастардың дамуына жағдай жасаудың, салауатты өмір салтын қолдаудың және ауыл тұрғындарының күнделікті мәселелерін шешудің қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін.

Депутат халық пен билік органдарының арасындағы байланыстырушы буын болып, тұрғындардың мәселелерін тыңдап, олардың шешілуіне ықпал етуі тиіс деп есептеймін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Аудандық мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда, өз жұмысымды төмендегі бағыттарға шоғырландыруды көздеймін:

Ауылдық жерлерде спортты дамыту

• Спорттық инфрақұрылымды дамытуға, спорт нысандарын жөндеуге және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге ықпал ету.

• Балалар мен жастарға арналған спорт секцияларын, үйірмелер мен бастамаларды қолдау.

• Округтұрғындары арасында спорттық жарыстар, турнирлер және бұқаралық іс-шаралар өткізуге жәрдемдесу.

• Балалар мен жасөспірімдерді спортпен және дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысуға тартуға ерекше назар аудару.

• Бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру жөніндегі бастамаларды қолдау.

Жастарды және цифрлық дамуды қолдау

• Цифрлық сауаттылықты дамытуға және білім беру үдерісіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізуге ықпал ету.

• Жастардың кәсіби және тұлғалық дамуына қажетті жағдайлар жасауға жәрдемдесу.

• Дарынды балаларды қолдау, олардың зияткерлік, білім беру және шығармашылық конкурстарға қатысуына ықпал ету.

• Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бастамаларын қолдау.

Ауылдық инфрақұрылымды дамыту және абаттандыру

• Елді мекендердің ішкі жолдарын жөндеу және көлік қатынасының қолжетімділігін жақсарту, абаттандыру мәселелерін көтеру.

• Көшелерді жарықтандыру және қоғамдық аумақтарды абаттандыру мәселелерін шешуге ықпал ету.

• Сумен жабдықтау сапасын арттыруға және коммуналдық инфрақұрылымның жағдайын жақсартуға жәрдемдесу.

• Балалар және спорт алаңдарын, демалыс орындарын абаттандыруды қолдау.

Құрметті сайлаушылар!

Ауылдық елді мекендердің дамуы тұрғындардың, қоғам өкілдерінің және мемлекеттік органдардың бірлескен жұмысына байланысты екеніне сенімдімін. Округіміздің өзекті мәселелерін шешу үшін өз білімімді, тәжірибемді және күш-жігерімді жұмсауға дайынмын.

Мен үшін бастысы – құрғақ уәдемен шектелмей, ауылдарымызда өмір сүруге, балаларды тәрбиелеуге, спортпен айналысуға және жас ұрпақты дамытуға лайықты жағдай қалыптастыру жолында жүйелі жұмыс жүргізу.

Округіміздің болашағы мен тұрғындарының әл-ауқаты үшін бірге еңбек етейік!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

№ 3 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат

БӘКІРОВ ЕРМЕК ЖӘҢГІРҰЛЫ



ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Бәкіров Ермек Жәңгірұлы, 1964 жылы 10 шілдеде Булаев ауданы, Пролетарка ауылында дүниеге келдім. 1989 жылы Петропавл педагогикалық институтын «Физика және математика мұғалімі» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 1981 жылы Петропавл шағын литражды қозғалтқыштар зауытында токарь шәкірті болып бастадым. 1989 жылдан бастап физика және математика пәнінің мұғалімі, кейін Чистян ОМ директоры (1997-2003 жж.) және №4 Булаев орта мектебінің директоры (2003-2011 жж.) болып жұмыс істедім. 2011-2013 жылдары Майбалық ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы және аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары лауазымдарын атқардым.

2013 жылдың сәуір айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Кәсіптік даярлық және сервис колледжі» КММ директорымын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен әрбір қала тұрғыны назар аударуға лайық деп сенемін, ал лайықты өмір сүру жағдайлары мен қоғам тарапынан қамқорлық ешкімді шеттетпей, барлығына қолжетімді болуы тиіс. Әділдікті және адамдар алдындағы жеке жауапкершілікті дәл осыдан көремін.

Менің бағдарламам «Әділет» партиясының құндылықтары мен бағдарламалық басымдықтарына негізделген. Басты назарда тек қордаланған қалалық мәселелерді шешу ғана емес, сонымен қатар маңызды әлеуметтік, экологиялық және білім беру жобаларын іске асыру, мүгедектігі бар адамдарды жан-жақты қолдау, жастарға мүмкіндіктер жасау және еңбек адамының мүдделерін қорғау.

Менің міндеттемелерімнің негізінде нақты міндеттер, нысандар және мерзімдер жатыр. Олардың даму жоспарлары мен аудандық бюджетке енгізілуіне қол жеткізіп, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылап, тұрғындар алдында ашық есеп беретін боламын.

Депутаттық жұмыстың мен үшін басты нәтижесі – адамдардың өміріндегі нақты өзгерістер.

Құрметті жерлестер!

Біздің қаламыздың күші мен байлығы оның тұрғындарында, олардың жан жомарттығында, берік мінезінде және туған үйге деген шынайы сүйіспеншілігінде.

Біздің қаламыздың әрбір көшесі мен әрбір ауласы мұнда өмір сүруге жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасалуға лайық. Жақсы жолдар, күтімді аулалар, коммуналдық қызметтердің үздіксіз жұмысы, сапалы білім мен медицина. Мұның бәрі қағаз жүзіндегі уәде ғана емес, күнделікті шындық болуы тиіс.

Жылдар бойы жинақталған қалалық мәселелерді бір күнде шешу мүмкін емес екенін мен жақсы түсінемін. Бірақ мен оларды біртіндеп, қадам-қадаммен шешуге қол жеткізуге, сіздердің мүдделеріңізді қорғауға және барлық депутаттық өкілеттіктерді пайдалана отырып нақты нәтижелерге жетуге дайынмын. Мен үшін әрбір сөз нақты іспен бекітілуі тиіс екені өте маңызды.

Бірге біз қаламызды өмір сүруге, жұмыс істеуге және бала өсіруге ыңғайлы, қауіпсіз және заманауи орынға айналдыра аламыз!

ӘДІЛЕТ

Менің принциптерім:

- Тең құқықтылық және құрмет. Жасына және әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әрбір тұрғынға әділ қарым-қатынас.
- Ашықтық және диалог. Мен сіздердің өтініштеріңізге, сұрақтарыңызға және ұсыныстарыңызға әрдайым ашықпын. Әрқайсыңызды жеке тыңдауға, мәселені терең зерделеуге және бірге шешім табуға дайынмын.
- Нәтиже үшін жауапкершілік. Бос сөздің орнына нақты жұмыс және атқарылған міндеттер туралы сайлаушылар алдында тұрақты есеп беру.

Сенің дауысың – сенің болашағың! Маған дауыс бер!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

№ 3 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат

БҰХАРБАЕВА ЖАНАР АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ



ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Менің кәсіби қызметім білім беру саласымен, өскелең ұрпақты тәрбиелеумен, балалар мен жастардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытумен тығыз байланысты. Информатика пәнінің мұғалімі және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ретінде еңбек ете отырып, білім беру ортасындағы мәселелерді, отбасылардың қажеттіліктерін және округ тұрғындарын толғандыратын мәселелерді жақсы түсінемін.

Депутат тек халықтың өкілі ғана емес, әрбір тұрғынның пікірін тыңдауға, олардың мүдделерін қорғауға және нақты нәтижелерге қол жеткізуге дайын азамат болуы тиіс деп санаймын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Аудандық мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда, өз жұмысымда төмендегі бағыттарға назар аударамын:

Білім беруді дамыту және өскелең ұрпақты тәрбиелеу

• Мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі бастамаларды қолдау.

• Өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, патриоттық және адамгершілік қасиеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлу.

• Қосымша білім беруді, шығармашылық үйірмелер мен зияткерлік бағыттарды дамытуға жәрдемдесу.

• Дарынды балаларды қолдау және олардың қабілеттерін ашуға жағдай жасау.

Жастарды қолдау және цифрлық сауаттылықты дамыту

• Балалар мен жастар арасында цифрлық дағдыларды дамытуға және ақпараттық сауаттылықты арттыруға ықпал ету.

• Жастар бастамаларын, еріктілер қозғалысын және қоғамдық жобаларды қолдау.

• Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың, буллингтің және зиянды әдеттердің алдын алуға бағытталған іс-шараларды қолдау.

• Жастардың кәсіби бағдарлануына және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ету.

Отбасыларды қолдау және халықты әлеуметтік қорғау

• Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың, зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдардың мүдделерін қорғау.

• Әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтардың өтініштерін уақтылы қарауға ықпал ету.

• Отбасылық құндылықтарды нығайтуға және ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға бағытталған бастамаларды қолдау.

• Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен отбасыларға ерекше назар аудару.

Елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту және абаттандыру

• Елді мекендердің ішкі жолдарын жөндеу және жаяу жүргіншілер жолдарының жағдайын жақсарту мәселелерін көтеру.

• Көшелерді жарықтандыру және қоғамдық аумақтарды абаттандыру мәселелерін шешуге ықпал ету.

• Сумен жабдықтау сапасы мен коммуналдық инфрақұрылымның жағдайына назар аудару.

• Балалар алаңдарын, демалыс орындары мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруды қолдау.

• Елді мекендерде санитариялық тазалықты сақтауға, қоқысты уақтылы шығаруға және аумақтарды көгалдандыруға ықпал ету.

Құрметті сайлаушылар!

Мен округіміздің әл-ауқаты нақты істерге, адамдарға деген жанашырлыққа және елді мекендеріміздің болашағы үшін ортақ жауапкершілікке байланысты екеніне сенімдімін.

Сіздердің сенімдеріңіз – менің жауапкершілігім!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

№ 3 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат

КРАВЧЕНКО ЕВГЕНИЙ ИВАНОВИЧ



ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Менің еңбек жолым білім беру және спорт салаларымен тығыз байланысты.

Әр жылдары механизатор, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушы-оқытушысы қызметтерін атқардым. 2026 жылдың сәуір айынан бастап Молодогвардейское ауылдық округінде спорт жөніндегі әдіскер болып жұмыс істеймін. Дене шынықтыру және спорт саласында жоғары білімім бар.

Осы тәжірибеме сүйене отырып, аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға, ауылдық елді мекендерді дамытуға және жастардың спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасауға бағытталған мәселелерді көтеруді басты міндетім деп санаймын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде өз сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

Сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттары:

1. Спортты дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру

• Ауылдық жерлерде бұқаралық спортты дамытуға және спорттық іс-шараларды өткізуге ықпал ету;

• Спорт алаңдарын салу, жөндеу және қолданыстағы спорт нысандарын күтіп ұстау мәселелерін көтеру;

• Балалар мен жасөспірімдердің спорт секцияларына қолжетімділігін арттыруға жәрдемдесу;

• Тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау.

2. Ауылдық инфрақұрылымды дамыту және абаттандыру

• Ауылішілік жолдарды жөндеу және күтіп ұстау мәселелерін тұрақты бақылауда ұстау;

• Көшелерді жарықтандыру, қоғамдық аумақтарды абаттандыру және санитарлық тазалықты қамтамасыз ету мәселелерін көтеру;

• Ауыз сумен қамтамасыз ету және басқа да коммуналдық қызметтердің сапасын жақсартуға ықпал ету.

3. Жастарды қолдау және олардың әлеуетін дамыту

• Жастардың спорттық, мәдени және қоғамдық өмірге белсенді қатысуына жағдай жасауға ықпал ету;

• Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған бастамаларды қолдау;

• Жас мамандарды ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ынталандыру мәселелерін көтеру.

4. Әлеуметтік мәселелерді шешуге жәрдемдесу

• Әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтарды қолдау мәселелерін назарда ұстау;

• Ардагерлерге, зейнеткерлерге және көпбалалы отбасыларға қатысты мәселелерді тиісті органдар алдында көтеру;

• Тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын қарастырып, олардың шешілуіне ықпал ету.

5. Ашықтық және тұрғындармен кері байланыс

• Сайлаушылармен тұрақты кездесулер өткізу;

• Тұрғындардың ұсыныстары мен өтініштерін аудандық мәслихаттың қарауына шығару;

• Қабылданған шешімдер мен атқарылған жұмыстар туралы халықты хабардар ету.

Мен үшін депутаттық қызмет – тұрғындардың мүддесін қорғау, олардың мәселелерін тыңдау және шешілуіне ықпал ету. Өз білімім мен тәжірибемді ауданның дамуына және жерлестерімнің әл-ауқатын жақсартуға бағыттауға дайынмын.

Әрбір тұрғынның пікірі маңызды. Ауданның дамуы – ортақ міндет!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

№ 4 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат
ИБРАЕВ ҚАЙСАР ӘЛІБАЙҰЛЫ



ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Менің еңбек жолым - ауыл шаруашылығымен, жұмысшы мамандықтарымен және спорт саласымен байланысты. «Қарағанды» кеңшарында, сондай-ақ Омбы облысының ауыл шаруашылығы саласында еңбек еттім. 2021 жылдан бастап Ноғайбай би ауылдық округі әкімінің аппаратында жұмыс істеймін, ал 2026 жылдың сәуір айынан бастап спорт жөніндегі әдіскер қызметін атқарамын. Әскери қызмет тәжірибем бар, онда бөлімше командирі міндеттерін орындадым.

Ауылдық елді мекендерді дамыту тұрғындардың күнделікті мәселелерін шешуден, қоғамдық тәртіпті сақтаудан, спортпен шұғылдануға жағдай жасаудан және әрбір адамның мұқтажына назар аударудан басталады деп есептеймін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, округ тұрғындарының мүддесін білдіру, ауыл тұрғындарын толғандыратын өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал ету және ауданымыздың дамуына үлес қосу мақсатында аудандық мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсынамын.

Менің сайлауалды бағдарламамның негізгі бағыттары:

1. Дене шынықтыру саласын дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау

• Балаларға, жастарға және ересектерге арналған спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға ықпал ету;

• Спорт алаңдарын жөндеу және күтіп ұстау мәселелерін көтеру;

• Ауыл тұрғындары үшін бұқаралық спортты дамытуға және спорттық сабақтардың қолжетімді болуына ықпал ету;

• Жастарды дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тартуға бағытталған бастамаларды қолдау.

2. Ауылдық елді мекендерді көркейту және инфрақұрылымын дамыту

• Ауылішілік жолдарды уақтылы жөндеу және күтіп ұстау мәселелерін көтеру;

• Көшелерді жарықтандыруды жақсартуға ықпал ету;

• Көшелердің, қоғамдық аумақтар мен ортақ пайдаланылатын орындардың санитарлық жағдайына назар аудару;

• Ауылдарды абаттандыру және тәртіп орнату жөніндегі тұрғындардың бастамаларын қолдау.

3. Ауылдықтарды қолдау

• Коммуналдық қызметтердің сапасын жақсарту мәселелерін жауапты органдар алдында көтеру;

• Қарт адамдардың, көпбалалы және әлеуметтік осал отбасылардың мәселелерін шешуге ықпал ету;

• Ауыл тұрғындарының өмір сүруі мен еңбек етуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған бастамаларды қолдау.

4. Жастарды қолдау және жұмыспен қамту

• Жастарды ауылдың қоғамдық, спорттық және мәдени өміріне тартуға ықпал ету;

• Жас мамандарды жұмысқа орналастыру және олардың кәсіби дамуына мүмкіндік жасау мәселелерін көтеру;

• Жастардың ауылдық жерде тұрақтап қалуына бағытталған бастамаларды қолдау.

5. Ашықтық және азаматтардың өтініштерімен жұмыс жасау

• Округ тұрғындарымен тұрақты кездесулер өткізу;

• Азаматтардың өтініштері мен ұсыныстарын мұқият қарау;

• Ең өзекті мәселелерді аудандық мәслихаттың қарауына шығару;

• Атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы тұрғындарды хабардар ету.

Мен депутат халықпен бірге болып, олардың мәселелерін біліп, өз өкілеттігі шеңберінде нақты нәтижелерге қол жеткізуі тиіс деп сенемін. Округ тұрғындарының мүддесін қорғау және туған өлкеміздің дамуына үлес қосу үшін өмірлік және еңбек тәжірибемді жұмсауға дайынмын.

Ауылды көркейтуге
беріміз бірге атсалысайық!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

№ 4 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат
КУЗЬМИН СЕРГЕЙ ВИКТОРОВИЧ



ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Менің көпжылдық еңбек жолым - білім беру, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, спорт және мәдениет салаларымен тығыз байланысты. 1996 жылдың тамыз айынан бастап Полудино орта мектебінде жұмыс істеймін. Осы жылдар ішінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімінен оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарына дейінгі еңбек жолынан өттім. 2002 жылдың қыркүйегінен 2021 жылдың шілдесіне дейін Полудино ауылдық мәдениет үйінің меңгерушісі қызметін атқардым. Бұл тәжірибе ауыл тұрғындарының тыныс-тіршілігін, олардың қажеттіліктері мен мәселелерін жақсы білуге, сондай-ақ ауылдың дамуы үшін білім, тәрбие, спорт пен мәдениеттің қаншалықты маңызды екенін түсінуге мүмкіндік берді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, округ тұрғындарының мүддесін білдіру, ауылдық елді мекендердің өзекті мәселелерін көтеру және олардың шешілуіне ықпал ету мақсатында аудандық мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсынамын.

Депутаттың жұмысы, ең алдымен, тұрғындардың нақты мәселелерін шешуге, өмір сүруге қолайлы жағдай жасауға, отбасыларды, жастар мен аға буын өкілдерін қолдауға бағытталуы тиіс деп есептеймін.

Сайлауалды бағдарламамда мен келесідей мақсаттар қоямын:

• Балалардың білім алуы үшін заманауи әрі қауіпсіз жағдайлар жасау мәселелерін көтеру;

• Ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын жақсартуға ықпал ету;

• Білім сапасын арттыруға және қосымша білім беруді дамытуға бағытталған бастамаларды қолдау;

• Ауылдық жерлерде еңбек ететін педагогтер мен жас мамандарды қолдау.

• Балалар, жастар және ересектер арасында бұқаралық спортты дамытуға ықпал ету;

• Спорттық жарыстар, турнирлер мен сауықтыру іс-шараларын өткізуді қолдау;

• Ауылдық мәдениет үйлерінің жұмысын және шығармашылық ұжымдардың дамуын қолдау;

• Дәстүрлер мен тарихи мұраны сақтауға бағытталған мәдени іс-шараларды өткізуге ықпал ету;

• Ауылішілік жолдарды жөндеу және күтіп ұстау мәселелерін көтеру;

• Көшелерді жарықтандыруды және қоғамдық аумақтардың жағдайын жақсартуға ықпал ету;

• Елді мекендердің санитарлық жағдайына, қоқыс шығаруға және ортақ пайдаланылатын орындарды күтіп ұстауға назар аудару;

• Сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және коммуналдық қызметтер көрсету мәселелерін көтеру.

• Көпбалалы және әлеуметтік осал отбасыларды әлеуметтік қолдау мәселелерін шешуге ықпал ету;

• Медициналық көмектің қолжетімділігі мен әлеуметтік қызметтердің сапасы мәселелерін көтеру;

• Жастарды жұмыспен қамтуға және жас мамандарды ауылда тұрақтандыруға бағытталған бастамаларды қолдау;

• Қарт адамдардың белсенді әрі лайықты өмір сүруіне жағдай жасауға назар аудару.

• Азаматтардың өтініштерін, ұсыныстары мен ескертулерін мұқият қарау;

• Тұрғындарды өтініштерінің қаралу нәтижелері мен атқарылған жұмыстар туралы хабардар ету.

Депутат халық үшін қолжетімді болып, өз округінің мәселелерін жақсы білуі және олардың шешілуіне жүйелі түрде ықпал етуі тиіс деп сенемін. Білім беру, спорт және мәдениет салаларындағы көпжылдық еңбек тәжірибем тұрғындардың қажеттіліктерін тереңірек түсінуге және олардың мүдделерін аудандық мәслихатта қорғауға мүмкіндік береді.

Ауылдық елді мекендерді дамыту және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру жолында ашық, жауапты әрі халықпен тұрақты диалог орната отырып жұмыс істеуге дайынмын.

Сайлауға келіңіздер,
маған дауыс беріңіздер!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

№ 4 бірмандаттық сайлау округі бойынша
Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының депутаттығына кандидат
ШӘРІМОВ НҰРЖАНАТ САБЫРҰЛЫ



ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Шәрімов Нұржанат Сабырұлы, 1982 жылы 20 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданының Надежка ауылында дүниеге келдім.

Екі жоғары білімім бар. 2004 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Тарих пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша, 2014 жылы «Көкше» академиясын «Қаржы» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 2004 жылы бастадым. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Пролетар ауылдық округінің әкімі болып жұмыс істедім. Қазіргі уақытта СҚО Кәсіпкерлердің ұлттық палатасы аудандық филиалының директорымын.

Мағжан Жұмабаев ауданының Булаев қаласында отбасыммен бірге тұрамын.

әділет

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестер!

Біздің ауданның басты байлығы - оның адамдары, олардың еңбекқорлығы, жауапкершілігі және туған жеріне деген сүйіспеншілігі.

Әрбір елді мекен назар аударуға, ал әрбір отбасы - жақсы өмір жағдайларына лайық. Жақсы жолдар, қолжетімді әлеуметтік қызметтер, жұмыс орындары мен жастарға арналған мүмкіндіктер уәде күйінде қалмай, шындыққа айналуы тиіс.

Егер мен депутат болып сайлансам, Булаев қаласының көшелерін және Успенка ауылдық округінің елді мекендеріндегі кентішілік жолдарды жөндеуге, абаттандыруға, білім мен мәдениет саласын дамытуға, шағын және орта бизнесті қолдауға үлкен назар аударамын.

Ауданның елді мекендері арасындағы көлік қатынасын жақсартуға, қоғамдық көліктің тұрақты қозғалысын қамтамасыз етуге және жолдарды сапалы күтіп ұстауға жәрдемдесуге атсалысамын.

Барлық мәселелерді бірден шешу мүмкін еместігін түсінемін. Бірақ олардың шешілуіне дейекті түрде қол жеткізуге, сіздердің мүдделеріңізді қорғауға және депутаттық өкілеттіктер шеңберінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге дайынмын. Менің үшін әрбір ауылған міндеттеменің нақты істермен бекітілуі маңызды.

Бірге біз ауданымызды өмір сүргісі, жұмыс істегісі және бала өсіргісі келетін жерге айналдыра аламыз!

Менің принциптерім:

- Әрбір тұрғынға және әрбір ауылға әділ көзқарас. Еңбекке деген құрмет, өзімнің сөзім мен ісім үшін жауапкершілік. Ашықтық және адамдардың мүдделерін қорғауға дайын болу.

- Мен әрқашан сіздердің өтініштеріңізге, ұсыныстарыңызға және ескертулеріңізге ашықпын. Әрқайсыңызды тыңдауға, сіздерді толғандыратын мәселелерді зерделеуге және олардың шешілуіне қол жеткізуге дайынмын.

Ауданның дамуы адамдарды күнделікті толғандыратын мәселелерді шешуден басталады. Бұл жолдардың жай-күйі, ауыз судың сапасы, медицина мен білімнің қолжетімділігі, жұмыс орындары және балаларымыздың болашағы.

Әрбір елді мекен назар аударуға лайық екеніне, ал лайықты өмір сүру жағдайлары тұрғын жеріне қарамастан барлық тұрғындарға қолжетімді болуы тиіс екеніне сенімдімін. Әділдік пен адамдар алдындағы жауапкершілікті осыдан көремін.

Менің бағдарламам «Әділет» партиясының құндылықтары мен бағдарламалық басымдықтарына негізделген. Басты назарда қордаланған мәселелерді шешу ғана емес, сонымен қатар ауыл кәсіпкерлігін дамыту, еңбек адамын қолдау, жастарға мүмкіндіктер жасау және туған жерді сақтау бар.

Менің міндеттемелерімнің негізінде нақты міндеттер, нысандар және мерзімдер жатыр. Олардың даму жоспарлары мен аудандық бюджетке енгізілуіне қол жеткізіп, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылап, тұрғындар алдында ашық есеп беріп отыратын боламын.

Мен үшін депутаттық жұмыстың басты нәтижесі - адамдар өміріндегі нақты өзгерістер.

Әрбір шешім – туған өлкенің
игілігі үшін!

Кандидатқа республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жарияланды.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ -МЕНІҢ ТІЛІМ!

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНДА ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ





Мағжан Жұмабаев ауданында мемлекеттік тілді үйренуге ниетті тұрғындарға арналған Тілдерді оқыту орталығының салтанатты ашылуы өтті. Аудан әкімдігі, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен облыстық тілдерді оқыту орталығының қолдауымен іске асқан бастама қазақ тілін күнделікті өмірде және қызмет барысында қолдануға жағдай жасауға бағытталған.

Салтанатты рәсімде орталықтың ашылу лентасын аудан әкімінің орынбасары Айгүл Еркінқызы, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының тілдерді дамыту және талдау бөлімінің басшысы Әсем Нұрланқызы және облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Жарқын Жұпарханұлы қиды. Қонақтарға қазақы дәстүрмен шашу шашылып, бауырсақ ұсынылды. Ұлттық музыкамен басталған мереке кабинет ішінде домбырадан төгілген күймен жалғасты. Күй үні мен тіл туралы әңгіме жиынның мәдени-танымдық мазмұнын аша түсті.

Қатысушылар жаңа орталықтың кабинетімен және негізгі жұмыс бағыттарымен танысты. Мұнда Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев және Қадыр Мырза Әлінің портреттері мен тіл туралы қанатты сөздері орналастырылған. Бұл көрнекіліктер тыңдаушыларды қазақ халқының рухани мұрасымен таныстырып, тіл үйренуге деген қызығушылығын арттыруға арналған. Әсіресе, есімін аудан иеленген Мағжан Жұмабаевтың мұрасы орталықтың танымдық жұмысына ерекше мазмұн береді.

Орталықтың басты мақсаты - азаматтардың қазақ тілінде өз ойын жеткізуіне, күнделікті қарым-қатынаста және жұмыс орнында сенімді сөйлесуіне көмектесу. Ауданда орыс тілінде сөйлейтін тұрғындардың басым екенін ескерсек, қазақша тілдесуге мүмкіндік беретін ортаның маңызы зор. Таныстырылымда тіл үйренушілердің дайындығын ескеру, түсінікті тапсырмалар беру және алған білімді тәжірибеде қолдану мәселелеріне назар аударылды.

Қазіргі таңда қазақ тілі үйірмесіне 90-тан астам адам қатысады. Олардың басым бөлігі - мемлекеттік қызметшілер. Жаңа орталық осы жұмысты жүйелі жалғастырып, тыңдаушылардың тілдік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқытуда тындалым, оқылым, айтылым және жазылым өзара байланыста қарастырылады. Тыңдаушылардың деңгейіне сай тапсырмалар арқылы сөздік қорын молайтып, еркін пікір алмасуына қолдау көрсету көзделген.

Сабақ мазмұнын күнделікті өмірмен ұштастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Танысу, дүкенде сөйлесу, қызмет көрсету орындарында өтініш айту, кеңседе пікір алмасу сияқты жағдаяттар тілдік тәжірибені қалыптастыруға көмектеседі. Мемлекеттік қызметшілер үшін азаматтарды қабылдау, сұрақтарға түсінікті жауап беру және қысқа ресми хат жазу дағдыларын жетілдіру маңызды. Сонымен қатар таныстырылымда оқытушының жетекшілігімен заманауи технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын қосымша жаттығуларға пайдалану мүмкіндіктері айтылды.

Ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Айгүл Мұқанова мен облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Жарқын Жұпарханұлы құттықтау сөз сөйледі. Жиын соңында қонақтар мен орталық ұжымы естелік суретке түсті.

Жаңа орталық тіл үйренуге талпынған азаматтардың басын қосып, қазақша сөйлесу тәжірибесін кеңейтуге жол ашады. Оның жұмысы тұрғындардың мемлекеттік тілді меңгеруіне, ұлттық мәдениетті тануына және бір-бірімен еркін қарым-қатынас орнатуына қызмет етпек.

Мадияр МОЛДАБЕК,
Мағжан Жұмабаев ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.

АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНАН

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНДА ҚАРИЯЛАРҒА АРНАЛҒАН ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ





10 қараша күні Булаев қаласының солтүстік жағында қарияларға арналған демалыс орталығының салтанатты ашылуы өтті.

Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Айгүл Мұқанова, ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, №2 Булаев жалпы білім беретін мектебінің директоры Мадина Бейсембаева қатысты.

Алғашқы болып сөз сөйлеген Айгүл Еркінқызы ардагерлер ұйымының ауданның қоғамдық өміріне қосқан үлесіне және аға буын өкілдерінің еңбегіне құрмет көрсетіп, алғыс білдірді.

Бұл орталық қала қариялары үшін маңызды оқиға екенін айтып, аға буын өкілдерін шын жүректен құттықтады.

Оралбай Шәріпұлы да бұл орталықтың ашылуына ауқымды жұмыс жасалғанына тоқталып, қаланың солтүстігінде тұратын қарттар үшін таптырмас орынға айналатынына сенім білдірді.

"Северяне" ардагерлер ұйымының мүшелері аудан әкімдігіне, Булаев қаласының әкімі Азамат Бірімжановқа, №2 Булаев жалпы білім беретін мектебінің Мадина Бейсембаевaға, кәсіптік даярлық және сервис колледжінің директоры Ермек Бәкіровке көрсеткен зор қолдаулары үшін ризашылықтарын айтты.

Бұл ұйымның мүшелері де қол қусырып отырмай, сенбіліктер ұйымдастырып, ғимаратты тиісті тәртіпке келтіруге атсалысты. Соның арқасында жаңадан жабдықталған орталықта алғашқы іс-шара өткізілді.

Осы атаулы іс-шара барысында ардагерлер ұйымының бірқатар мүшелері аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Жалпы іске қосқан үлесі және ардагерлер қозғалысын қолдауға атсалысқан М.С. Бейсембаева да осындай марапатқа ие болып, ардагерлер қозғалысының белсенділері мен мерейтойын атап өткен қарттар естелік сыйлықтарға ие болды.

Шара одан әрі концерттік бағдарламамен ұласып, аудандық Мәдениет үйінің көркем-өнерпаздары өз өнерлерін ортаға салды.















QAZAQSTAN

Дүйсенбі, 16 қараша	Сейсенбі, 17 қараша	Сәрсенбі, 18 қараша	Бейсенбі, 19 қараша	Жұма, 20 қараша	Сенбі, 21 қараша	Жексенбі, 22 қараша
05.30 ӘНҰРАН. 05.35, 21.15 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 07.00 «TAŃSHOLPAN». 09.00, 23.00 Т/Х «ҒАЖАЙЫП МҰРА». 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 23.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00, 02.05 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ». 14.10 АҚОРДА. 14.30 АПТА. 15.00, 03.45 ҚАЗАҚСТАН АНТОЛОГИЯСЫ. 15.15, 03.00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 15.55, 04.45 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 17.20, 01.20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30, 04.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.10 Т/Х «ҚАРА ТАҢБА».	05.30 ӘНҰРАН. 05.35, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.05, 21.20 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 07.00 «TAŃSHOLPAN». 09.00, 23.00 Т/Х «ҒАЖАЙЫП МҰРА». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 23.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00, 02.00 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ». 14.10, 03.35 «ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС». 14.40«ҚАЗАҚСТАН АНТОЛОГИЯСЫ». 14.55, 02.50 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 15.55, 04.45 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 17.20, 01.15 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30, 04.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.10 Т/Х «ҚАРА ТАҢБА».	05.30 ӘНҰРАН. 05.35, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.05, 21.20 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 07.00 «TAŃSHOLPAN». 09.00, 23.00 Т/Х «ҒАЖАЙЫП МҰРА». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 23.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00, 02.05 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ». 14.10, 03.45 «ЗАҢ АЛДЫНДА». 14.25 Д/Ф. 14.50 SUPERSTAR KZ. 14.55, 02.55 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 15.55, 04.45 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 17.20, 01.20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30, 04.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.10 Т/Х «ҚАРА ТАҢБА».	05.30 ӘНҰРАН. 05.35, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.05, 21.15 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 07.00 «TAŃSHOLPAN». 09.00, 23.00 Т/Х «ҒАЖАЙЫП МҰРА». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 23.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00, 02.05 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ». 14.10, 03.45 БІР ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ. 14.30 ТАУДАҒЫ ТУРИЗМ. 14.55, 02.55 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 15.55, 04.45 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 17.20, 01.20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 01.15 АҚША ӘЛІППЕСІ. 20.30, 04.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.10 Т/Х «ҚАРА ТАҢБА».	05.30 ӘНҰРАН. 05.35, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.20 АҚПАРАТ. 06.05, 21.15 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 07.00 «TAŃSHOLPAN». 09.00, 23.00 Т/Х «ҒАЖАЙЫП МҰРА». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 23.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00, 02.35 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ». 14.10 ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС. 14.45 SUPERSTAR KZ. 14.50, 03.30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 15.55, 04.45 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 17.20, 01.50 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30, 04.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.10 Т/Х «ҚАРА ТАҢБА». 00.45 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӘНҰРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 06.05 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 07.00, 03.25 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 08.00, 02.25 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.00, 22.30 Т/Х «ҒАЖАЙЫП МҰРА». 10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.00, 02.00 «PRIME ERA». 12.25, 20.00 «SUPERSTAR KZ». 14.50 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 15.55 «МЕНІҢ ҮЙІМ ҚАЙДА?», Х/Ф. 17.45, 01.45 «ҚҰРЫЛТАЙ». 23.25 «БЕС ҚАРУ 2», Х/Ф. 04.15 «ХАЛЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫС». 04.45 «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ». 05.15 «БІР ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ».	05.30 ӘНҰРАН. 05.35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 05.50 «PRIME ERA». 06.15, 03.05 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 08.05, 04.40 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.00, 22.40 Т/Х «ҒАЖАЙЫП МҰРА». 10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.00, 02.15 ЖАСАМПАЗ ҮЛТ. 12.25 ЖҰБАНЫШ ЖЕКСЕНҰЛЫНЫҢ ӘН КЕШІ. 14.45 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 15.25 «БЕС ҚАРУ 2», Х/Ф. 17.40, 01.55 АҚОРДА. 20.00, 01.25 АПТА. 20.30, 02.40 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 20.50 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ». 23.35 «МЕНІҢ ҮЙІМ ҚАЙДА?», Х/Ф.

ХАБАР

Дүйсенбі, 16 қараша	Сейсенбі, 17 қараша	Сәрсенбі, 18 қараша	Бейсенбі, 19 қараша	Жұма, 20 қараша	Сенбі, 21 қараша	Жексенбі, 22 қараша
05.00, 15.15 Т/Х «ӘПКЕ». 06.00, 23.30 COVER SHOW. 08.00 ОЯН. 10.00, 19.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 11.00, 20.00 Т/Х «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». 13.00 ОЙНАЮ. 14.00 7 КҮН. 14.40 PRESIDENT. 16.00 «МЕН ОРАЛАМ», Х/Ф. 17.35 Д/Ф. 18.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 18.30 НОВОСТИ. 22.00 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 23.00 ДАМУ ФОРМУЛАСЫ. 00.00 Т/С «ЛОВУШКА». 00.50 Т/С «О ЧЕМ НЕ РАССКАЖЕТ РЕКА». 01.30 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00, 14.40 Т/Х «ӘПКЕ». 06.00 COVER SHOW. 08.00 ОЯН. 10.00, 19.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 11.00, 20.00 Т/Х «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». 13.00 ОЙНАЮ. 14.00 7 КҮН. 16.00 «ӘМЕҢГЕР», Х/Ф. 18.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 18.30 НОВОСТИ. 22.00 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 23.00 Т/Х «СТАРТАП QZ». 00.00 Т/С «ЛОВУШКА». 00.50 Т/С «О ЧЕМ НЕ РАССКАЖЕТ РЕКА». 01.30 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00, 15.00 Т/Х «ӘПКЕ». 06.00 COVER SHOW. 08.00 ОЯН. 10.00, 18.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 11.00, 19.45 Т/Х «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». 13.00 ОЙНАЮ. 14.00 ДАМУ ФОРМУЛАСЫ. 14.30 «БАЛАМ ҮШІН». 16.15 «Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ», Х/Ф. 17.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 18.15 НОВОСТИ. 21.45 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 22.45 Т/Х «СТАРТАП QZ». 23.45 Т/С «ЛОВУШКА». 00.35 Т/С «О ЧЕМ НЕ РАССКАЖЕТ РЕКА». 01.15 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00, 15.00 Т/Х «ӘПКЕ». 06.00 COVER SHOW. 08.00 ОЯН. 10.00, 19.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 11.00, 20.00 Т/Х «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». 13.00 ОЙНАЮ. 14.00 ӨМІР ӨРНЕГІ. 16.15 «БИШАРАШКИ В ТАЙЛАНДЕ», Х/Ф. 18.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 18.30 НОВОСТИ. 22.00 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 23.00 Т/Х «СТАРТАП QZ». 00.00 Т/С «ЛОВУШКА». 00.50 Т/С «НИКОГДА НЕ БЫВАЕТ ПОЗДНО». 01.30 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00, 15.00 Т/Х «ӘПКЕ». 06.00 COVER SHOW. 08.00 ОЯН. 10.00, 19.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 11.00, 20.00 Т/Х «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». 13.00 ОЙНАЮ. 14.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 14.30 ЦИФРОВОЙ КОД. 16.15 «БИШАРАШКИ В ИНДИИ: В ПОИСКАХ МАМЫ», Х/Ф. 18.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 18.30 НОВОСТИ. 22.00 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 23.00 Т/Х «СТАРТАП QZ». 00.00 Т/С «ЛОВУШКА». 00.50 Т/С «НИКОГДА НЕ БЫВАЕТ ПОЗДНО». 01.30 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/Х «КӨРІМДІК». 06.00 Қ. МАХАНОВТЫҢ ӘН КЕШІ. 08.00 COVER SHOW. 08.30 АЗАМАТ. 09.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 10.00 М/Ф. 11.00, 20.00 Т/Х «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». 13.00 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС. 14.00 Т/Х «СТАРТАП.QZ». 16.00 «ПАПАСЫНЫҢ ҚЫЗЫ», Х/Ф. 18.00 ТОП-ТАРТЫС. 22.00 7 КҮН. 22.40 «РОККИ -3», Х/Ф. 00.40 Т/С «НИКОГДА НЕ БЫВАЕТ ПОЗДНО». 01.30 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/Х «КӨРІМДІК». 06.00 Ұ. ЖОЛДАСОВТЫҢ ӘН КЕШІ . 07.00 ТОП ТАРТЫС. 08.00 ОЙНАЮ. 09.00 Д/Ф. 09.30 М/Ф. 10.45 М/Ф «ЦАРЕВНА И ДРАКОН. МАГИЧЕСКАЯ КНИГА». 11.00, 20.00 Т/Х «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». 13.00 ӨМІР ӨРНЕГІ. 14.00 Т/Х «СТАРТАП.QZ». 16.00 «БЕЗ ЖАЛОСТИ», Х/Ф. 18.00 Д/Ф. 18.25 «ОСТРОВ. ҰМЫТЫЛМАС САЯХАТ», Х/Ф. 22.00 7 КҮН. 22.40 «РОККИ-4», Х/Ф. 00.40 Т/С «НИКОГДА НЕ БЫВАЕТ ПОЗДНО». 01.30 ҚР ӘНҰРАНЫ.

ЕВРАЗИЯ

Дүйсенбі, 16 қараша	Сейсенбі, 17 қараша	Сәрсенбі, 18 қараша	Бейсенбі, 19 қараша	Жұма, 20 қараша	Сенбі, 21 қараша	Жексенбі, 22 қараша
06.00 Т/С «НОВАЯ ЖИЗНЬ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 13.00 АНАЛИТИКА. 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 02.15 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ. МОРЕ И ГОРЫ». 01.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 «ҚАЙМАҚ».	06.00 Т/С «НОВАЯ ЖИЗНЬ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.50 Т/С «ГОСТИНИЦА «РОССИЯ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE . 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 02.15 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ. МОРЕ И ГОРЫ». 01.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 «ҚАЙМАҚ».	06.00 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА». 06.55 Т/С «ПРИНЦ СИБИРИ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.50 Т/С «ГОСТИНИЦА «РОССИЯ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE . 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMIZ- ШОУ. 20.00, 02.15 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ. МОРЕ И ГОРЫ». 01.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 «ҚАЙМАҚ».	06.00 Т/С «КОНЕЦ ИГРЫ». 06.55 Т/С «ПРИНЦ СИБИРИ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.50 Т/С «ГОСТИНИЦА «РОССИЯ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE . 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.45 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 02.15 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ. МОРЕ И ГОРЫ». 01.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 04.00 «ҚАЙМАҚ».	06.00 Т/С «КОНЕЦ ИГРЫ». 06.55 Т/С «ПРИНЦ СИБИРИ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 12.50 Т/С «ГОСТИНИЦА «РОССИЯ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE . 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.30 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ҚҰРЫЛТАЙ ОНЛАЙН». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.30 Т/С «Я ИДУ ТЕБЯ ИСКАТЬ-9». 04.00 «ҚАЙМАҚ».	06.00, 03.30 ҚАЙМАҚ. 07.40 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 08.05 ҚҰРЫЛТАЙ ОНЛАЙН. 08.45 Т/Х «МОЯ СТАРШАЯ СЕСТРА». 10.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 12.10 «ЖЕНСКАЯ ВЕРСИЯ. ДЕДУШКИНА ВНУЧКА», Х/Ф. 16.40 ТОЧЬ-В -ТОЧЬ. 19.00 АЙХАЙ SHOW. 20.00 BASTY PRIME. 20.50 «НЯНЬКА ДЛЯ РОГОЖИНЫХ», Х/Ф. 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 04.00 ҚАЙМАҚ. 07.40 «BASTY PRIME». 08.45 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 09.40 «СЧАСТЬЕ МОЕ», Х/Ф. 11.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 13.05 «НЯНЬКА ДЛЯ РОГОЖИНЫХ». 17.40 «СОНАТА ДЛЯ ГОРНИЧНОЙ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «СЛУЧАЙНАЯ НЕВЕСТА», Х/Ф. 01.25 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». 02.25 «ФОРМУЛА ПРЕСТУПЛЕНИЯ», Х/Ф.

«Маңына ұрық шашпаған жақсылық, жапанда жалғыз өскен бәйтеректе, тұл болады да қалады».
«Уақыт — жан- жақты дамудың кілті».
«Өз бақытын бағалай білмеген адам бақытсыздыққа ұшырайды».










ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ

«ИПОТЕКА АКАДЕМИЯСЫ»

Отбасы банкінің («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) жаңа білім беру жобасының бейнероликтері қазақстандықтар үшін қолжетімді болды. Оларды банктің YouTube-арнасынан табуға болады: www.youtube.com/@otbasybank/videos.

Оқыту бейнероликтерінде мамандар қарапайым және түсінікті тілде білім алуға және өз баспанасын сатып алуға тиімді жинақтауға көмектесетін қаржылық құралдар туралы айтып береді.

Материалдарды кез келген жерде: үйде, таксиде немесе жеке автокөлікте, серуендеуде өзіңізге ыңғайлы уақытта және қолайлы қарқынмен көруге және тыңдауға болады. «Ипотека академиясының» міндеті — қазақстандықтардың қаржылық сауаттылығын арттыру, олардың салмақты қаржылық шешімдер қабылдауына көмектесу. Ресми дереккөзден алынған сенімді ақпарат Отбасы банкінің өнімдерін жақсырақ түсінуге, өз іс-әрекеттеріңізді дербес жоспарлауға және сыртқы делдалдардың көмегінсіз әрекет етуге мүмкіндік береді.

Мысалы, «Ипотека академиясының» соңғы шығарылымында (https://www.youtube.com/watch?v=rWWW7tvBl64) салымшы Отбасы банкіндегі депозитте қаражат жинап жатқан кезде, «Maqsat» және «Sandyq» ерте брондау бағдарламалары арқылы өзіне ұнаған пәтердің бағасын қалай «мұздатып» қоюға болатыны туралы айтылды.

«Maqsat» механизмі клиентке құрылыс кезеңінде пәтерді тіркелген құны бойынша брондау мүмкіндігін береді. Клиент банкте қарыз бойынша мақұлдау алып, пәтерді таңдайды және брондайды. Содан кейін депозит ашып, белгіленген мерзімде (14 айға дейін) оған қарыз сомасының 20%-дан 50%-ға дейінгі мөлшерінде алғашқы жарнаны жинақтайды. Қажетті сома жиналған кезде пәтерді сатып алуға болады.

«Sandyq» механизмі көбінесе дайын тұрғын үйді сатуға бағытталған. Оның көмегімен клиент аралық қарыз алу үшін қойылатын талаптарды әлі орындамаған болса да, пәтер сатып ала алады. Мысалы, егер оның Отбасы банкіндегі депозитінде қарыз сомасының 50%-ы жинақталып үлгерсе, бірақ бағалау көрсеткіші (БК) әлі ең төменгі 5 мәніне жетпесе. Бұл жағдайда салымшы бәрібір өзіне ұнаған пәтерді тіркелген бағамен брондай алады. Аралық қарыз бойынша барлық шарттар орындалғанға дейін пәтер оны күтіп тұрады.

Яғни, «Maqsat» пен «Sandyq» механизмдерінің негізгі артықшылығы — клиент алдымен пәтерді таңдайды, құнын бекітеді, тұрғын үйді брондайды, содан кейін барып банктің стандартты шарттарын орындайды: қаражат жинақтайды және бағалау көрсеткішінің ең төменгі мәніне қол жеткізеді.

Құрылыс салушылар үшін «Sandyq» және «Maqsat» механизмдері тұрғын үйдің сатылуын тездетуге, сатылмаған пәтерлер көлемін азайтуға және көбірек әлеуетті сатып алушыларды тартуға мүмкіндік береді. Осы механизмдер аясында Отбасы банкімен жұмыс істеу үшін тиісті келісімшарт жасасу қажет.

Екі механизм де тәжірибеде қолданылып жатыр. Сондықтан пәтер таңдамас бұрын, клиенттерге құрылыс салушыдан оның «Sandyq» немесе «Maqsat» аясында Отбасы банкімен жұмыс істейтінін нақтылап алу ұсынылады.

Сонымен қатар «Ипотека академиясының» жаңа шығарылымдарынан «Ұлттыққор—балаларға» бағдарламасы бойынша есептелген қаражатты қайда жұмсауға болатынын білуге болады, «AQYL» депозиті арқылы білім алуға ақша жинаудың неліктен тиімдірек екені түсіндіріледі, «Ұмай» бағдарламасының артықшылықтары неде екені және «Наурыз» бағдарламасына қатысу кезінде Отбасы банкіндегі депозиттегі жинақтардың неліктен соншалықты маңызды екені айтылады.

Биыл Отбасы банкі барлығы 10 ақпараттық бейнеролик шығарады. Барлық материалдар банктің YouTube-арнасында орналастырылады және кез келген адамға мүлдем тегін қолжетімді.

«Ипотека академиясы» жобасы 2023 жылы басталған болатын және осы уақыт ішінде қазақстандықтар үшін сұранысқа ие ақпарат көзіне айналды. Қазақ және орыс тілдерінде барлығы 70 бейнеролик жарық көрді. Бұл материалдарды шамамен 1,5 миллион адам көріп, зерттеп үлгерді.

Банк қаржылық құралдарды қарапайым тілмен түсіндіре отырып, адамдарға өз мүмкіндіктерін дұрыс есептеуге, қарыз алу шарттарын алдын ала бағалауға және дербес түрде салмақты шешімдер қабылдауға көмектеседі. Мұндай білім қазақстандықтарға отбасылық бюджетті сенімдірек жоспарлауға және тұрғын үй мәселесін делдалдарсыз шешуге мүмкіндік береді.

Ең маңыздысы, «Ипотека академиясының» жаңа шығарылымдары енді сурдоаудармамен сүйемелденеді. Бұл пайдалы ақпараттың кеңірек аудиторияға, соның ішінде есту қабілеті бұзылған қазақстандықтарға да қолжетімді болуына жасалған маңызды қадам. Сурдоаударма көрермендерге бейнероликтердің мазмұнын толық қабылдауға, тұрғын үй бағдарламаларының шарттарын түсінуге, қаржылық терминдерді ұғынуға және үшінші тұлғалардан қосымша түсініктеме сұрамай-ақ ақпарат алуға көмектеседі.

БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ - 2027



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

ЗАРЯДТАҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ӨРТКЕ СЕБЕП БОЛУЫ МҮМКІН:

ҚАНДАЙ БЕЛГІЛЕРГЕ ДЕР КЕЗІНДЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК?



Құрылғыны қуаттауға қойып, өз шаруаларыңызбен кетіп қалдыңыз ба? Оны бірнеше сағат бойы қуаттауға қалдырдыңыз ба? Мұны қауіпті ештеңесі жоқ, әдеттегі әрекет деп ойлайсыз. Алайда дәл осы кезде құрылғы қызып кетуі мүмкін. Зақымдалған кабель, ақаулы зарядтағыш немесе қызған аккумулятор қысқа тұйықталуға және өртке әкелуі ықтимал.

Құрылғыларды төсекке, диванға, жастыққа немесе көрпенің астына қойып зарядтау әсіресе қауіпті. Жұмсақ жер жылудың таралуына кедергі келтіреді, ал құрылғының қызып кетуі өрт шығу қаупін арттырады. Қауіпті белгілерге назар аударыңыз.

Құрылғы әдеттен тыс қатты қызса, жағымсыз иіс шықса, түтін пайда болса, сықырлаған дыбыс естілсе немесе корпусы деформацияланса, зарядтауды дереу тоқтату қажет. Ақаулы құрылғыны пайдаланбаңыз.

Аккумулятор қызса немесе құрылғы зақымданса, оны қайта зарядтауға әрекет жасамаңыз!

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

Директор - бас редактор Неля ГОПЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2- 17- 49. Басылым индексі 65360 e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілiп беттелдi. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 440

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады